

29 желтоқсан,
Сәрсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛ



ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН JAHA ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті аудан тұрғындары!

Жаңа жыл — өткен жылға көз жігеріміз, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасауымызға жақсылыққа ұмтылып, жаңа жоспарлар, арман ойлар айқындалатын қуанышқа толы ағайын мерекесі. Еңбегіңіз, жаңа жылдың құттық сөзіңізге ағаайын!

Өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін және біздің өңіріміз үшін де тарихи және саяси оқиғаларға толы, маңызды жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тың бастамаларымен тәуелсіз мемлекетіміз қамуының сара жолын жаңа бағыттарға жапғастырып келеді. Тарих қойнауына енгені отырған жыл өзінің маңызы жағынан айрықша жыл болды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесін толығымен табыстармен қарсы алдық. Мемлекетіміздің мерейі өсіп, абыройы артты. Қазақстан — құлпі әлем таныған құрметпен, төріне оздырған бәсеңді мемлекетке айналды. Мемлекет басшысының саясаты негізінде облыс пен ауданымызда бірқатар әлеуметтік — экономикалық маңызды мәселелер шешіліп, әлеуметтік жағдай жақсара түсті.

Құрметті жергілікті билеушілер!

2021 жыл біз үшін нәтижелі жемістіктерге, маңызды шараларға толы болды. Аудан халқының ынтымақ — бірлігі, есепі еңбегі арқылы биік белестер мен мақсатты межелер еңсерілді. Белгіленген жоспарларға сапа бойынша орындалды. Жыл аралығында автомобиль жолдарын жөндеу, елді мекендерді азаматтандыру, табиғи газбен қамту, таза ауыз су желілерін тарту, қысқарту сақтау, өнім беру мекемелерінің ғимараттарын жөндеуден өткізу бойынша көп жұмыстар атқарылды. Ауданның әлеуметтік жағдайына жақсарту жұмыстары да аз емес. Әрине бұл ел егемендігінің арқасында жүзеге асып жатқан қаржы сөзсіз.

Ең бастысы, бірлік пен ынтымақ болса мол табыстарға қол жеткізілетінімізге сенім білдірілді. Сондықтан да қимдімізді ақтағаны, несібемізді есептегені үшін өтіп бара жатқан жылға ризашылығымыз шексіз!

Жаңа жылдан да жаңа табыстар мен жемістіктер күткеніміз. Алғашқы жылы ауданда ауыз су мәселесі түбегейлі шешілді.

Ардақты аудан тұрғындары!

Баршаңызды жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз. Жаңа жыл әр отбасына жылылық әкелетін жасампаз мерекесі болсын! Жаңа жыл ынтымағы мен бірлігі жарасқан аудан халқы үшін сәтті жыл болсын, әр шаңырақта берекесі — бірлік, шаттық пен қуаныш орнасын!

Құрметпен Ойыл ауданының әкімі

Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

Газетіміздің келесі саны
2022 жылдың 6 қаңтары,
бейсенбі күні жарыққа шығады

«ЖАСТАР ЖЫЛЫНЫҢ» ЖЕМІСІ КӨП!

ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ, МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ БІЛІМДІ ДЕ, БІЛГІР ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА. ЖАСТАР — КЕЗ-КЕЛГЕН ҚОҒАМНЫҢ БОЛАШАҒЫ МЕН ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ. БҮЛ ОЙМЕН ДАУЛАСУДЫҢ ӨЗІ АРТТЫ. ӨТКЕН АППАДА АУДАНДА «ЖАСТАР ЖЫЛЫНЫҢ» ҚОРЫТЫНДЫСЫ РЕТІНДЕ ОЙЫЛ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ» АТТЫ АУДАН ЖАСТАРЫНЫҢ ФЕСТИВАЛЫ ӨТТІ.



«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында өткен айтулы шараның шымылдығын аудан әкімі Асқар Қазыбаев ашып, «Жастар қоғамның қозғаушы күші. Ертенгі елдің бек тірегі, болашақтың бастауы, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің негізі. Ал, бәсекеге қабілетті болу үшін ескеңең ұрпақ ұлылардың ұлағатты өмір жолынан үлгі алып, келешекке кедергісіз жету мақсатында аянбай еңбек ете білуі керек» — деп, жастарды мерекелен құттықтады.

Аудан жастарының осы жылда жеткен жетістіктері жылдан-жылға көрме арқылы таныстырылды. Би мен өңге өрілген шарда әр ауылдық

округтен келген ауыл жастары өздерінің ізгі лебіздерін білдіріп, Ойыл аудандық саз мектебінің өнерпаздары өсем өндерін жолдады. Жыл қорытындысы бойынша бір топ жастарға ауданның мемлекеттік жастар саясатын дамытуға қосқан зор үлесі үшін аудан әкімінің Алғыс хатын табыс етті. Елдің саяси және қоғамдық өміріне белсене араласқан жас азаматтар, түрлі салада өзінің білімімен, белсенділігімен топ жарған жастар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ, АШЫҚ ӘНГІМЕ



Өткен аптада аудан әкімі Асқар Қазыбаев жуырда ғана ашылған аудандық орталық кітапханадағы «Коворкинг» орталығында Ойыл селосындағы бір топ еңбек ардагерімен кездесті. «Коворкинг» орталығында тұрғындардың демалып, кітап оқып, болмаса компьютер арқылы интернет желісінен ақпарат алуына барлық мүмкіндік жасалған.

Кездесу басталғанша кітапханашылар еңбек ардагерлеріне шей ұсынып, емен-жарқын өңгіме құруларына мүмкіндік жасаса, аудан басшысы да ауыл үлкендерімен кездесу үшін осындай жолды таңдапты. «Сценарий құрылмаған» кездесуде алдымен Асқар Қайырғалиұлы соңғы уақыттағы, оның ішінде биылғы жылы аудан бойынша атқарылған жұмысты тізбелеп өтті. Әрине, соңғы кездері эпидемиологиялық ахуалға байланысты аудан басшыларының мұндай кездесуі үзіліп қалғаны да жасырын емес. Әсіресе, қазіргі таңда ауылдық жерлердегі елді-мекендерді абааттандыру жұмыстарына айрықша тоқталды. Мәселен, биыл аудан бойынша 14 кешеге асфальт жамылғысы төселсе, оның 9-ы ауылдық округтердің орталығында.

Ойыл ауданында ауыз су мәселесі толық шешімін табуға жақын. Ал, еңбек ардагерлері болса, өз кезегінде мал азығы, малдың күтімі, ауылдың тазалығы туралы ойларын ортаға салды. Ұсыныс-пікірлерін айтты. Кездесу соңында аудан әкімі бір топ еңбек ардагеріне облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатын» табыстады.

СЕССИЯ ҮШ ЖЫЛДЫҢ БЮДЖЕТІН БЕКІТІП, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ



Өткен аптада аудан өкімдігінде аудандық мәслихаттың кезекті тоғыншы сессиясы өтті. Аудандық мәслихаттың өткізілуіне соңғы сессиясының күн тәртібіне «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы», 2022 жылға арналған Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер өкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі

«Азаматтық қорғау туралы» Заңының ауданда жүзеге асырылуы туралы мәселелер талқыланып, аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі тыңдалды. Сондай-ақ, Көп-тоғай және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтерінің елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобалары үшін қосымша жер учаскелерін бекіту туралы мәселелер талқыланды. Сессия соңында аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин бірқатар депутаттарға облыстық мәслихат хатшысының алғыс хаттарын табыстады.

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК - ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

ӨТКЕН АППАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫМЕН ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДІҢ МАЛ ДӘРІГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АУДАН АУМАҒЫНДА ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР АЙТЫП, ХАЛЫҚПЕН ТҮСІНДІРУ ІС-ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗДІ ТАПСЫРДЫ. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ФИЛИАЛЫ БАС МАМАНЫ АРСЛАНБЕК АЛДІЯРОВ АУДАНЫДАҒЫ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҮМЫСТАРҒА ТОҚТАЛЫП ӨТТІ.



Ойыл аудандық ветеринариялық стансасы директоры Серік Сармұтоғай және Ш.Берсиев атындағы ветеринариялық іс-шаралар жұмыстарын жүргізу барысында аудан тұрғындарының арасында түсінікпеушілік, қарсылық білдіру сынды кедергілер жасап жататындығын айтып өтті. Сонымен қатар ауруды жою, аурудың алдын алып, болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

Жиын соңында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағының ІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» төсбелгімен Қазы Тайбуринді, ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» төсбелгімен Құдайберген Рамазан мен Төлөпберген Өтеғалиевтарды марапаттады. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жыл мерейтойына орай «Құрмет грамотасымен» және ауыл шаруашылығы саласына қосқан үлесі үшін бір топ мал дәрігерлеріне алғыс хат табыс етті.

«ҚОҒАМ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОЛДАЙДЫ!»



Жуырда аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың төрағалығымен осындай тақырыпта аудандық форум өтті. Форум жұмысына аудан прокуроры Нұрлыбек Жолаев пен аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Берекенов қатысты.

2019 жылдан бастап облысымызда құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына қоғамды тартуға бағытталған іс-шара жоспары жүзеге асырылуда.

Бұл жоба қоғам потенциалын пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың бірінші бастаған кезде жоспар құрылған болатын. Ақтөбе облысы өкімімен бекітілген «2021-2022 жылдарға арналған бөтеннің мүлкін ұрлау-

дың алдын алуға қатысты ведомстволарлық іс-шаралар жоспары» мен «2020-2025 жылдарға арналған жұртшылықты құқықбұзушылықтар профилактикасына тарту жөніндегі ведомстволарлық іс-шаралар жоспары» аясында «2021-2022 жылдарға Ойыл ауданында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары» әзірленді. Қоғамдық көмекшілер институтын қайта жаңғырту шаралары тұрғындар тарапынан оң қабылданды. Азаматтық қоғам күші болмаса полиция қызметінің шамасы жетпейді. Сынамалы тәртіпте аралау аудандар анықталып, қоғамдық көмекшілер рейдтік шаралар жүргізіле бастады.

Форум жұмысында алдымен аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Берекенов баяндама жасады. Одан кейін жобаның жүзеге асырылу барысы туралы Ойыл ауданының прокуроры Нұрлыбек Жолаев өз ойын білдірді. Форумның соңында қатысушылар пікір алмасып, қоғамдық көмекшілер марапатталды.

